АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ХРОМТАУ АУДАНЫ АБАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ

АКИМ АБАЙСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ХРОМТАУСКОГО РАЙОНА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

« 27 » шілде 2026 жыл № 37 « 27 » июль 2026 год

Абай ауылы

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабы 3-тармағы 28-тармақшасына және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 506-тармағына сәйкес, ауылдық округ әкімі **ӨКІМ ЕТТІ:**

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 16-бап 3-тармақ 28-тармақшасы негізінде мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүзеге асыру.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізуге жауапты маман Ж.С. Диярова:

- веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын өнім берушіге жолдасын.
- Бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы сатып алу туралы шешім үшін жауапкершілікті өзіме аламын.

Абай ауылдық округінің әкімі **М.А. Суиналин**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 16-бабы 3-тармағы 28-тармақшасына негіздеме

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізудің негіздемесі.

Қазақстан халқына 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауынан үзінді, 1-тарау «Жаңа экономикалық саясат»:

– «Мемлекеттік сатып алу жүйесін сапалық тұрғыдан жаңадан құру қажет. Сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басты басымдық болуы тиіс, ең төмен баға емес».

2022–2024 жылдар аралығында тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс тәсілдерімен сатып алынды. Тәжірибе көрсеткендей, сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасы төмен болды, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті. Көп жағдайда бір реттік және ай сайынғы қызмет көрсететін жеткізушілер байланысқа шықпай, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауар жеткізді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерге, жалпы мемлекетке зиян келтірді, өйткені олар мемлекет атынан әрекет етеді.

Бағалардың төмендігі мен тауарлар мен қызметтердің сапасының төмен болуына байланысты мемлекеттік сатып алу шарттары бұзылып, қайтадан сатып алу рәсімдері жүргізілді, алайда олар қажетті нәтижелерге жеткізбеді. Қайта өткізілген сатып алулар мерзімдердің созылуына және қаржы қаражаттарының игерілмеуіне әкеліп соқты, бұл өз кезегінде рейтингке және тапсырыс берушінің материалдық және материалдық емес қажеттіліктерін қанағаттандыруға кері әсерін тигізді. Шағын сомалар бойынша сатып алулардың жүргізілуі сапасыз және жосықсыз жеткізушілер санының артуына, сондай-ақ артық әкімшілік сот өндірістерінің пайда болуына әкелді. Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағы 1-тармақшасына сәйкес, сондай-ақ қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау, оның ішінде сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің баға мен сапа арақатынасын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы сатып алу туралы шешім қабылданды.

Абай ауылдық округінің әкімі **М.А. Суиналин**